

Білім беру қызметін лицензиялаудың ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 18 сәуір N 596. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.02. N 452 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.02. N 452 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 7 маусымындағы Заңына және "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Білім беру қызметін лицензиялаудың ережесі б е к і т і л с і н .

2. Қарамағында білім беру ұйымдары бар мемлекеттік органдар өздерінің бұрын қабылдаған нормативтік құқықтық кесімдерін осы қаулыға сәйкес к е л т і р с і н .

3. "Білім беру мекемелерінің білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия беру тәртібін, білім беру мекемелерін бітіргені және білім беру қызметін лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары туралы құжаттарды беру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі N 1174 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 39, N 368-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 18 сәуірдегі
N 596 қаулысымен бекітілген

Білім беру қызметін лицензиялаудың ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Заңды тұлғалардың білім беру қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан лицензиялануға тиіс.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.20. N 1253 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың, жалпы бастауыш,

жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарының білім беру қызметі лицензиялануға тиіс.

3. Білім беру ұйымының білім беру қызметін жүргізу құқығы оған лицензия (рұқсат) берілген күннен басталады және заңдарда белгіленген тәртіппен ол қайтарып алынған немесе жарамсыз деп танылған сәттен бастап тоқтатылады.

4. Білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензияны:

1) жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта білімнің (арнаулы және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын және спорт бойынша балалар мен жасөспірімдерге арналған қосымша білім беру бағдарламаларын қоспағанда) негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарға - ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы (лицензиар) ;

2) кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білімнің негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын, мамандандырылған және арнаулы білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ спорт жөніндегі балалар мен жасөспірімдерге арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға - облыстың жергілікті атқарушы органы (лицензиар);

3) жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта білімнің негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын, арнаулы және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарға - республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы (лицензиар) ;

4) жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын, республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мамандандырылған білім беру бағдарламаларын және кәсіптік орта білімнің білім беру бағдарламаларын, діни білім беру бағдарламаларын (діни оқу орындарына) іске асыратын, сондай-ақ халықаралық және шетелдік заңды тұлғаларға - Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы (лицензиар) береді".

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 250 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Білім беру ұйымдарының филиалдары білім беру ұйымдарының құрамында лицензияланады. Филиал туралы ереже мен тіркеу құжаттары лицензиарға табыс етілуге тиіс.

Жоғары кәсіптік білім беру ұйымының филиалына берілетін лицензияның

қосымшаларында мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттарының әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми пәндері циклдарының көлемінде кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін оқыту мерзімдері көрсетіледі. <*>

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.07. N 1281 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының аумағында құрылған халықаралық және шетелдік оқу орындары немесе олардың филиалдары Қазақстан Республикасының оқу орындары сияқты шарттармен және дәл сондай тәртіппен лицензиялануға тиіс.

6-1. Қысқа мерзімді курстар, тағылымдамалар нысанындағы және мемлекеттік қорытынды аттестаттаумен және мемлекеттік үлгідегі білімі және (немесе) біліктілігі туралы құжаттар берумен аяқталмайтын басқа да оқыту түрлерінің білім беру қызметі лицензиялауға жатпайды. <*>

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.07. N 1281 қаулысымен.

2. Лицензия берудің шарттары мен тәртібі

7. Білім беру ұйымдары білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия алу үшін лицензиарға мына құжаттарды:

1) нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, белгіленген үлгідегі өтінішті;

2) лицензиаттың біліктілік талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттарды;

3) кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығын алу үшін алым енгізгенін растайтын құжатты;

4) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін;

5) жұмыс бабындағы оқу жоспарларын;

6) штаттағы оқытушылардың бар екенін растайтын құжатты; <*>

7) меншік оқу-материалдық базасының бар екендігін растайтын құжаттарды тапсырады. < * >

Лицензия құжаттар тапсырылған күннен бастап екі айлық мерзімнен кешіктірілмей беріледі.

Лицензия беруден бас тартылған жағдайда лицензия беру үшін белгіленген мерзімде, өтініш иесіне жазбаша түрде дәлелді жауап қайтарылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.07. N 1281 қаулысымен.

8. Лицензия беру, оны қайтарып алу немесе оның қолданылуын тоқтата тұру мәселелерін алқалы және жариялы түрде қарау үшін, лицензиар консультативтік-кеңесші орган құрады құқығы бар.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен .

9. Лицензиар білім беру ұйымының өтінішін қарау процесінде, консультативтік-кеңесші органның ұсынымы болған кезде білім беру қызметін жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды тексеру мақсатында, білім беру ұйымы орналасқан жерге барып, сараптама жүргізеді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен .

10. Лицензия беру не оны беруден бас тарту туралы шешім құжаттардың иесі ұсынған өтініш, сондай-ақ егер тексеру жүргізілген болса, оның нәтижелері зерделенгеннен кейін қабылданады.

11. Егер лицензия белгіленген мерзімде берілмесе немесе өтініш иесі бар тартуды негізсіз деп таныса, онда ол бір айлық мерзімде осы әрекеттерге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

12. Лицензия беруден мынадай негіздер бойынша:

1) білім беру ұйымының осы тұрпаты мен түрі үшін нақты мамандықтар бойынша білім беру қызметін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заң актілерімен тыйым салынса;

2) осы Ереженің 7-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттар түгел тапсырылмаса. Өтініш иесі аталған кедергілерді жойған кезде өтініш жалпы негізде қаралады;

3) кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын алым енгізілмесе;

4) өтініш беруші осы Ережеде белгіленген біліктілік талаптарына сай келмесе ;

5) өтініш иесіне қатысты оның білім беру қызметімен айналысуына тыйым салатын сот шешімі болса, бас тартылуы мүмкін.

13. Білім беру қызметімен тиісті лицензиясыз айналысу заңдармен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

14. Білім беру ұйымының білім беру қызметімен лицензиясыз айналысудан алған табысы, заң актілерінде белгіленген жағдайлардан басқа кезде мемлекеттік бюджетке алынып қойылуы тиіс.

15. Лицензияларды есепке алуды, сондай-ақ лицензиялық ережелердің сақталуын бақылауды лицензиар жүзеге асырады.

3. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары

16. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне:

1) мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдауды тәрбиеленушілердің жас шамасына және санитарлық нормалар мен ережелерге орай топтың толымдылығына сәйкес жүзеге асыруы;

2) жоғары және бірінші санаттағы тәрбиешілер үлесі - олардың жалпы санының 20 пайызынан кем болмауы;

3) оқу алаңының санитарлық нормалар мен ережелерге (СНЕ) сәйкес келуі;

4) тәрбиеленушілердің дене тәрбиесі, ой-өрісі жағынан және жеке өзінің дамуы үшін ойын материалы мен жабдықтарының, оқу және балалар әдебиеттерінің болуы;

5) тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсету мен оларды тамақтандыру мүмкіндігінің болуы;

6) меншікті оқу-материалдық базасының болуы;

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.20. N 1253 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Жалпы бастауыш білім беретін білім беру ұйымдарының қызметіне:

1) жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдер үлесі - олардың жалпы санының 20 пайызынан кем болмауы;

2) сыныптар толымдылығы мен оқу алаңының санитарлық нормалар мен ережелерге (СНЕ) сәйкес келуі;

3) оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер қорының мөлшері - оқушылар құрамына шаққанда бір оқушыға толық оқу цикліне кемінде 15 басылымнан келуі;

4) білім алушыларға медициналық қызмет көрсету және оларды тамақтандыру мүмкіндігінің болуы;

5) меншікті оқу-материалдық базасының болуы;

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.20. N 1253 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Жалпы негізгі білім беретін білім беру ұйымдарының қызметіне:

1) жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдер үлесі - олардың жалпы санының 30 пайызынан кем болмауы;

2) сыныптар толымдылығы мен оқу алаңының санитарлық нормалар мен ережелерге (СНЕ) сәйкес келуі;

3) оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер қорының мөлшері - оқушылар құрамына шаққанда, бір оқушыға толық оқу цикліне кемінде 15 басылымнан келуі;

4) білім алушыларға медициналық қызмет көрсету және оларды тамақтандыру мүмкіндігінің болуы;

5) меншікті оқу-материалдық базасының болуы;

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.20. N 1253 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Жалпы орта білім беретін білім беру ұйымдарының қызметіне:

1) жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдер үлесі - олардың жалпы

санының 30 пайызынан кем болмауы;

2) сыныптар толымдылығы мен оқу алаңының санитарлық нормалар мен ережелерге (СНЭ) сәйкес келуі;

3) оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер қорының мөлшері - оқушылар құрамына шаққанда, бір оқушыға толық оқу цикліне кемінде 25 басылымнан келуі ;

4) білім алушыларға медициналық қызмет көрсету және оларды тамақтандыру мүмкіндігінің болуы;

5) меншікті оқу-материалдық базасының болуы;

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.20. N 1253 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Мектептен тыс ұйымдардың қызметіне:

1) жоғары және бірінші санаттағы педагогтардың үлесі - олардың жалпы санының 30 пайызынан кем болмауы;

2) оқу алаңының санитарлық нормалар мен ережелерге (СНЭ) сәйкес келуі;

3) оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер қорының мөлшері - оқушылар құрамына шаққанда, бір оқушыға толық оқу цикліне кемінде 15 бірлік басылымнан келуі ;

4) балалар жасының 6-18 жас аралығында болуы;

5) меншікті оқу-материалдық базасының болуы;

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.20. N 1253 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Кәсіптік бастауыш білім беретін білім беру ұйымдарының қызметіне:

1) штаттағы оқытушылар үлесі - олардың жалпы санының 70 пайызынан кем болмауы ;

2) жоғары және бірінші санаттағы оқытушылар үлесі - олардың жалпы санының 30 пайызынан кем болмауы;

3) топтардың толымдылығы мен оқу алаңының санитарлық нормалар мен ережелерге (СНЭ) сәйкес келуі;

4) оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер қорының мөлшері - оқушылар құрамына шаққанда, бір оқушыға толық оқу цикліне кемінде 25 басылымнан келуі ;

5) тиісті мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандартының талаптарын орындау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін оқытудың арнаулы базасы мен техникалық құралдарының болуы;

6) білім беру ұйымдарының практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен жасалған шарттардың болуы (шарттарда білім беру ұйымының, практикадан өткізу базалары болып табылатын ұйымдардың және білім алушылардың міндеттері анықталуы тиіс;

7) білім алушыларға медициналық қызмет көрсету мен оларды тамақтандыру мүмкіндігінің болуы;

8) меншікті оқу-материалдық базасының болуы;

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.20. N 1253 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Кәсіптік орта білім беретін білім беру ұйымдарының қызметіне:

1) штаттағы оқытушылар үлесі - олардың жалпы санының 70 пайызынан кем болмауы;

2) жоғары және бірінші санаттағы оқытушылар үлесі - олардың жалпы санының 40 пайызынан кем болмауы;

3) топтардың толымдылығы мен оқу алаңының санитарлық нормалар мен ережелерге (СНБ) сәйкес келуі;

4) оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер қорының мөлшері - оқушылар құрамына шаққанда, бір оқушыға толық оқу цикліне кемінде 40 басылымнан келуі;

5) тиісті мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандартының талаптарын орындау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін білім берудің арнаулы базасы мен техникалық құралдарының болуы;

6) білім беру ұйымдарының практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен жасалған шарттардың болуы (шарттарда білім беру ұйымының, практикадан өткізу базалары болып табылатын ұйымдардың және білім алушылардың міндеттері анықталуы тиіс;

7) білім алушыларға медициналық қызмет көрсету мен оларды тамақтандыру мүмкіндігінің болуы;

8) меншікті оқу-материалдық базасының болуы;

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.20. N 1253 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Бакалавр академиялық дәрежесін тағайындай отырып, кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарының қызметіне:

1) жоғары мектептерді, жоғары училищелерді қоса алғанда, институттарға және оларға теңдестірілген білім беру ұйымдарына:

жоғары кәсіптік білімнің 6 және одан да көп мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыруы; <*>

ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуі;

бір оқытушыға шаққанда студенттер құрамы өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 4, музыка және ән-күй мамандықтары бойынша 6, шет тілі, шетел филологиясы және аударма ісі бойынша 7, бейнелеу өнері және сызу мамандықтары бойынша 7 адамнан артық болмауы; басқа мамандықтар үшін күндізгіде - 8, кешкіде - 16, сырттай оқыту нысанында - 32 адамнан артық

б о л м а у ы ;

штаттағы оқытушылар үлесі олардың жалпы санының, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша 45 пайызынан кем болмауы;

ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар оқытушылар үлесі штаттағы оқытушылар санының, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша - 30 п а й ы з ы н а н к е м б о л м а у ы ;

оқу процесінде инновациялық ақпараттық және білім беру технологияларын п а й д а л а н у ;

білім алушылар контингентін және оқу құнын негізге ала отырып анықталатын, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша анықталатын мөлшерден кем емес, білім алу үшін жағдайларды қамтамасыз ететін меншікті, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық-қаржылық активтерінің болуы;

студенттің бір жылғы оқуына жоспарлы ең аз шығыстар Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына кәсіптік жоғары білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысымен көзделген шығыстар деңгейіне сәйкес болуы тиіс;

оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының мөлшері - студенттердің келтірілген құрамына шаққанда, бір білім алушыға толық оқу цикліне кемінде 100 басылымнан келуі; Бұл ретте кітапхана қоры соңғы 5 жылдағы әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша; соңғы 10 жылдағы табиғи, техникалық, ауыл шаруашылығы және басқа да пәндер бойынша негізгі оқу әдебиеті басылымдарын қамтуға тиіс. Электрондық және магниттік тасымалдаушылардағы оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілуі мамандықтың оқу жоспарындағы пәндердің 10 пайызынан кем болмауы;

меншікті, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі дәрісханалық және зертханалық базалардың, оқу кабинеттерінің, шеберханалар мен басқа да үй-жайлардың күндізгі нысанда оқитын бір білім алушыға келетін жалпы алаңының, оқу сабақтарының ауысымдылығын ескергенде, қолданылып жүрген санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес келуі, мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарында көзделген оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету мүмкіндігі;

білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті және қазіргі заман талаптарына жауап беретін оқу-зертханалық жабдықпен жарақтандырылуы;

практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен жасалған шарттардың болуы (шарттарда білім беру ұйымының, практикадан өткізу базалары болып табылатын ұйымдардың және білім алушылардың міндеттері а н ы қ т а л у ы т и і с) ;

білім алушыларға медициналық қызмет көрсету мен оларды тамақтандыру

мүмкіндігінің болуы;

2) консерваторияларды қоса алғанда, академияларға және оларға теңдестірілген білім беру ұйымдарына;

жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орнының 3 және одан да көп мамандық бойынша мамандануы; іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің орындалуы;

бір оқытушыға шаққанда студенттер құрамы өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 4, музыка және ән-күй мамандықтары бойынша 6, шет тілі, шетел филологиясы және аударма ісі бойынша 7, бейнелеу өнері және сызу мамандықтары бойынша 7 адамнан артық болмауы; басқа мамандықтар үшін күндізгіде - 8, кешкіде - 16, сырттай оқыту нысанында - 32 адамнан артық болмауы;

штаттағы оқытушылар үлесі олардың жалпы санының, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша - 55 пайызынан кем болмауы;

ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар оқытушылар үлесі штаттағы оқытушылар санының, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша - 35 пайызынан кем болмауы;

оқу процесінде инновациялық ақпараттық және білім беру технологияларын пайдалануы;

білім алушылар контингентін және оқу құнын негізге ала отырып анықталатын, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша анықталатын мөлшерден кем емес, білім алу үшін жағдайларды қамтамасыз ететін меншікті, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық-қаржылық активтерінің болуы; <*>

студенттің бір жылғы оқуына жоспарлы ең аз шығыстар Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына кәсіптік жоғары білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысымен көзделген шығыстар деңгейіне сәйкес болуы тиіс; <*>

оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының мөлшері - студенттердің келтірілген құрамына шаққанда, бір білім алушыға толық оқу цикліне кемінде 120 басылымнан келуі; Бұл ретте кітапхана қоры соңғы 5 жылдағы әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша; соңғы 10 жылдағы табиғи, техникалық, ауыл шаруашылығы және басқа да пәндер бойынша негізгі оқу әдебиеті басылымдарын қамтуға тиіс. Электрондық және магниттік тасымалдаушылардағы оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілуі мамандықтың оқу жоспарындағы пәндердің 15 пайызынан кем болмауы;

меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі дәрісханалық және зертханалық базалардың, оқу кабинеттерінің, шеберханалар мен басқа да үй-жайлардың күндізгі нысанда оқитын бір білім алушыға келетін

жалпы алаңының, оқу сабақтарының ауысымдылығын ескергенде, қолданылып жүрген санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес келуі, мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарында көзделген оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету мүмкіндігі; <*>

білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті және қазіргі заман талаптарына жауап беретін оқу-зертханалық жабдықпен жарақтандырылуы;

білім беру ұйымдарының практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен жасалған шарттардың болуы (шарттарда білім беру ұйымының, практикадан өткізу базалары болып табылатын ұйымдардың және білім алушылардың міндеттері анықталуы тиіс);

білім алушыларға медициналық қызмет көрсету мен оларды тамақтандыру мүмкіндігінің болуы;

3) университеттерге:

жоғары кәсіптік білімнің 12 және одан да көп мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орнының көп салалығы;

іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің жүргізілуі;

бір оқытушыға шаққанда студенттер құрамы өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 4, музыка және ән-күй мамандықтары бойынша 6, шет тілі, шетел филологиясы және аударма ісі бойынша 7, бейнелеу өнері және сызу мамандықтары бойынша 7 адамнан артық болмауы; басқа мамандықтар үшін күндізгіде - 8, кешкіде - 16, сырттай оқыту нысанында - 32 адамнан артық болмауы; <*>

штаттағы оқытушылар үлесі олардың жалпы санының, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша - 65 пайызынан кем болмауы; <*>

ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар оқытушылар үлесі штаттағы оқытушылар санының, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша - 40 пайызынан кем болмауы; <*>

оқу процесінде инновациялық ақпараттық және білім беру технологияларын пайдалану;

білім алушылар контингентін және оқу құнын негізге ала отырып анықталатын, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша анықталатын мөлшерден кем емес, білім алу үшін жағдайларды қамтамасыз ететін меншікті, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық-қаржылық активтерінің болуы; <*>

студенттің бір жылғы оқуына жоспарлы ең аз шығыстар Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына кәсіптік жоғары білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысымен көзделген шығыстар деңгейіне сәйкес болуы тиіс; <*>

оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының мөлшері -

студенттердің келтірілген құрамына шаққанда, бір білім алушыға толық оқу цикліне кемінде 140 басылымнан келуі; Бұл ретте кітапхана қоры соңғы 5 жылдағы әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша; соңғы 10 жылдағы табиғи, техникалық, ауыл шаруашылығы және басқа да пәндер бойынша негізгі оқу әдебиеті басылымдарын қамтуға тиіс. Электрондық және магниттік тасымалдаушылардағы оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілуі мамандықтың оқу жоспарындағы пәндердің 20 пайызынан кем болмауы; <*>

меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі дәрісханалық және зертханалық базалардың, оқу кабинеттерінің, шеберханалар мен басқа да үй-жайлардың күндізгі нысанда оқитын бір білім алушыға келетін жалпы алаңының, оқу сабақтарының ауысымдылығын ескергенде, қолданылып жүрген санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес келуі, мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарында көзделген оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету мүмкіндігі;

білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті және қазіргі заман талаптарына жауап беретін оқу-зертханалық жабдықпен жарақтандырылуы;

практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен жасалған шарттардың болуы (шарттарда білім беру ұйымының, практикадан өткізу базалары болып табылатын ұйымдардың және білім алушылардың міндеттері анықталуы тиіс);

білім алушыларға медициналық қызмет көрсету мен оларды тамақтандыру мүмкіндігінің болуы жөнінде біліктілік талаптары қойылады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1747 , 2002.08.02. N 861 , 2004.12.07. N 1281 , 2005.12.20. N 1253 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.12. N 1195 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

23-1. Магистр академиялық дәрежесін тағайындай отырып, жоғары кәсіптік білім және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін университеттердің, академиялардың қызметіне қойылатын біліктілік талаптары:

1) университеттер үшін 12 және одан да көп мамандық бойынша, академиялар үшін 3 және одан да көп мамандық бойынша жоғары кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру;

2) тиісті мамандықтар бойынша бакалавриат бағдарламаларын жүзеге асыру;

3) магистрлерді даярлау бейінінің білім беру ұйымдары ғылыми зерттеулерінің тақырыбына сәйкес келуі;

4) тиісті даярлау бағыттары бойынша жетекші деп танылған ғылыми, ғылыми-білім беру, өндірістік және ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімнің болуы;

5) әрбір даярлық бейіні бойынша ғылым докторының болуы;

б) олардың жалпы санындағы штаттағы оқытушылардың үлесі, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша да университеттер үшін кемінде 65 пайыз; академиялар үшін кемінде 55 пайыз;

7) штаттағы оқытушылар санындағы ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар оқытушылардың үлесі, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша да университеттер үшін кемінде 45 пайыз; академиялар үшін кемінде 40 пайыз;

8) аталған ұйымда толық ставкада жұмыс істейтін, тиісті бейіндегі ғылыми дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс стажы, отандық және шетелдік журналдарда, халықаралық конференциялар еңбектерінде ғылыми жарияланымдары, магистрлік даярлау бейіні бойынша оқу және оқу-әдістемелік құралдары бар жетекші мамандар, штаттағы оқытушылар магистранттарға ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруға тиіс;

9) оқу процесінде инновациялық ақпараттық және білім беру технологияларын пайдалану;

10) білім алушылар контингентін және оқу құнын негізге ала отырып айқындалатын, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша айқындалатын мөлшерден кем емес, білім алу үшін жағдайларды қамтамасыз ететін меншікті, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы материалдық-қаржылық активтерінің болуы;

11) магистранттың бір жылғы оқуына жоспарланған ең аз шығыстар Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкес болуға тиіс;

12) толық оқу цикліне магистранттардың келтірілген контингентіне шаққанда бір білім алушыға кемінде 140 бірлік басылымнан келетін мамандандырылған оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы. Бұл ретте кітапхана қоры соңғы 5 жылдағы әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша; соңғы 10 жылдағы табиғи, техникалық, ауыл шаруашылығы және басқа да пәндер бойынша негізгі оқу әдебиеті басылымдарын қамтуға тиіс. Электронды және магнитті тасығыштардағы оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілуі мамандықтың оқу жоспарындағы пәндердің кемінде 20 п а й ы з ы ;

13) оқу сабақтарының ауысымдылығын ескере отырып, меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы дәрісханалық және зертханалық базалардың, оқу кабинеттерінің, шеберханалар мен басқа да үй-жайлардың күндізгі нысанда оқитын бір білім алушыға келетін жалпы алаңының қолданыстағы санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес келуі және мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттарында көзделген оқу

жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету мүмкіндігі;

14) білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті және қазіргі заман талаптарына жауап беретін оқу-зертханалық жабдықпен жарақтандырылуы;

15) практикадан өткізу базалары ретінде белгіленген ұйымдармен жасалған шарттардың болуы (шарттарда білім беру ұйымының, практикадан өткізу базалары болып табылатын ұйымдардың және білім алушылардың міндеттері айқындалуы тиіс);

16) білім алушыларға медициналық қызмет көрсету мен оларды тамақтандыру орындарының болуы.

Ескерту. 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.12.12. N 1195 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2 3 - 2 . < * >

Ескерту. 23-2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.20. N 1253 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2 3 - 2 < * >

Ескерту. 23-3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.12.12. N 1195 қаулысымен (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

23-4. Діни оқу орындарының қызметтеріне қойылатын біліктілік талаптары:

1) даярлық бейіні бойынша жоғары діни білімі бар және діни бірлестіктер қоятын талаптарға сәйкес келетін штаттағы оқытушылардың болуы;

2) толық оқу цикліне білім алушылар контингентіне шаққанда бір білім алушыға саны кемінде 50 бірлік басылымнан келетін оқу және оқу-әдістемелік әдебиет қорының болуы;

3) білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы, санитарлық нормалар мен ережелердің талаптарына сәйкес келетін оқу-материалдық базасының болуы;

4) білім алушыларға медициналық қызмет көрсету мен оларды тамақтандыру орындарының болуы;

5) аталған діни білім беру мекемесін лицензиялау орындылығының негіздемесі бар тиісті діни конфессия қолдаухатының және Қазақстан Республикасының аумағында діни конфессияны тіркеу туралы куәлігінің көшірмесінің болуы;

6) діни конфессия басшылығы бекіткен даярлық бейіні бойынша білім беру бағдарламаларының (оқу жоспарларының) болуы;

7) мәлімделген діни білім беру бағдарламаларына Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитеті қорытындысының болуы.

Ескерту. 23-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.12.12. N 1195 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін ұйымдардың

қ ы з м е т і н е :

1) а с п и р а н т у р а ғ а :

жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беруді жүзеге асыратын, осы ұйымда даярланатын әр ғылыми мамандық бойынша толық ставкамен жұмыс істейтін, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс стажы, отандық және шетелдік журналдарда, халықаралық конференциялар еңбектерінде даярлық бейіні бойынша ғылыми жарияланымдары, оқу және оқу-әдістемелік құралдары бар кем дегенде екі ғылым докторының болуы; даярланатын тиісті ғылыми мамандықтар бойынша ғылыми-зерттеу зертханаларының болуы;

даярланатын тиісті ғылыми мамандықтар бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, тәжірибелік және материалдық-техникалық базаның болуы;

2) д о к т о р а н т у р а :

жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беруді жүзеге асыратын, осы ұйымда даярланатын әр ғылыми мамандық бойынша тұрақты ставкамен жұмыс істейтін, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс стажы, отандық және шетелдік журналдарда, халықаралық конференциялар еңбектерінде даярлық бейіні бойынша ғылыми жарияланымдары, оқу және оқу-әдістемелік құралдары бар кем дегенде үш ғылым докторының болуы;

даярланатын тиісті ғылыми мамандықтар бойынша осы заманғы ғылыми-тәжірибелік, ғылыми-зерттеу және материалдық-техникалық базаның болуы жөнінде біліктілік талаптары қойылады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.08.02. N 861 , 2006.12.12. N 1195 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4. Лицензияны кері қайтарып алу және оның қолданылуын тоқтата тұру

25. Лицензиардың білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияны кері қайтарып алуға немесе оның қолданылуын тоқтату тұруға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

26. Лицензияның күшін алты айға дейін тоқтата тұруға:

1) білім беру ұйымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес сәйкес к е л м е у і ;

2) білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарына сәйкес келмеуі;

3) көрсеткіштердің біліктілік талаптарында белгіленгеннен төмендеуі негіз б о л ы п т а б ы л а д ы . < * >

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.07. N 1281 , 2006.12.12. N 1195 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қ а у л ы л а р ы м е н .

27. Лицензияның қолданылуы тоқтатылып тұрған кезеңде лицензиат білім беру қызметін тоқтатпай, лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға негіз болған себептерді жоюға тиіс.

28. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімге лицензиат сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

29. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептері жойылғаннан кейін лицензияны қолдану жаңартылады.

30. Лицензияны қайтарып алуға:

1) соттың лицензиатқа өзінің жүзеге асыруына лицензиясы бар қызмет түрімен айналысуына тыйым салуы;

2) лицензиардың лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептерінің жойылмауы;

3) лицензияда қойылған талаптарды лицензиаттың орындамауы;

4) лицензиаттың қасақана жалған ақпарат беруі негіз болып табылады. <*>

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.07. N 1281 қаулысымен.

31. Берілген лицензия кері қайтарып алынған жағдайда, оның қолданылуы тоқтатылады және лицензиарға қайтарылуға тиіс.

32. Лицензияның кері қайтарылып алынуы тиісті білім беру қызметін тоқтатуға әкеп соғады.

33. Білім беру ұйымы лицензияның кері қайтарып алынуына байланысты білім беру қызметін тоқтатқан жағдайда, оның құрылтайшылары білім алушылардың басқа білім беру ұйымдарында оқу жылын аяқтауына шаралар қолдануға міндетті.